

03 СӘУІР- МАМЫР 2016

ШЫҒАРЫЛЫМДА:

- Сұхбат: Болат АҚШОЛАҚОВ
- «Еуразия» жобасы жалғасын тапты
- KAZENERGY FTK
- НКОК жаңалықтары
- ҰЭБ көпшілікке қол жетімді



Ж.СӘРСЕНОВ ВЕНГРИЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰРМЕТТІ КОНСУЛЫ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

KAZENERGY қауымдастығы Төрағасының орынбасары Жамболат Сәрсенов Венгрияның Қазақстан Республикасындағы құрметті консулы болып тағайындалды

Қазақстан-Венгрия іскерлік кеңесінің тең төрағасы дәрежесіндегі сіңірген еңбегі мойындалып, 21 сәуірде Ақтөбе қаласында Венгрияның Құрметті консулдығының ашылуында Сәрсенов мырзаға осындай маңызды дипломатиялық міндет жүктелді. Салтанатты іс-шараға Ақтөбе облысының Әкімі Бердібек Сапарбаев, Венгрияның ҚР-дағы Елшісі Андраш Барани, Венгрия Сыртқы экономикалық байланыстар және сыртқы істер министрлігі Мемлекеттік Хатшысының Орынбасары Жолт ЧУТОРА, сонымен қатар Венгрия және ҚР СИМ, Ақтөбе

облысы және Ақтөбе қаласы әкімшілігінің, «Атамекен» ҰКП өкілдері қатысты. Елбасының «Қазақстан-2050», «Нұрлы жол» және «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» ЖЭС негізін қалайтын жаңа даму кезеңіне еліміз аяқ басып отыр, осы бағдарламалар шеңберінде Қазақстанның халықаралық саяси және экономикалық аренадағы айқындамасын нығайту көзделген. Бұдан былай Жамболат Сәрсенов мүддесіне өкілдік ететін Консулдық аймақ Алматы, Қарағанды және Ақтөбе облыстарын қамтиды. 1963 жылғы 24 сәуірдегі Консулдық байланыстар туралы Вена конвенциясына, ҚР заңнамасына, сонымен қатар біздің еліміз қатысушысы болып табылатын халықаралық шарт-

тар мен келісімдерге сәйкес Сәрсенов мырза Құрметті консул міндетін атқару үшін Консулға берілетін барлық құқықтар мен артықшылықтарды пайдалана алады.

Сол күні Сәрсенов мырза жаңа дипломаттық дәрежеде венгриялық дипломатиялық және бизнес орта өкілдерінің облыс әкімі Бердібек Сапарбаевпен кездесуіне қатысты, онда қазақстан-венгрия ынтымақтастығын одан әрі нығайту мәселелері талқыланды.

Ақтөбе облысының бизнес-қоғамдастығымен кездесуде болашақ перспективалар туралы да сөз қозғалды. Екі елдің бизнесмендері венгриялық және қазақстандық компаниялардың бірлескен мұнай-газ және басқа да жобаларға қатысуға елеулі мүмкіндіктері бар екенін атап көрсетті.

БОЛАТ АҚШОЛАҚОВ ҰЛТТЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БАЯНДАМА, БОЛЖАМДАР ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТУРАЛЫ



Өткен айда Дохада ОПЕК елдерінің мәжілісі өтті, оған Қазақстан өкілдері де қатысты. Күн тәртібіндегі мәселе - көмірсутекті шикізатты өндіруді бәсеңдету тұру туралы мәселе болды. Алайда, жетекші экспорттаушы елдер бір келісімге келе алмады. Дегенмен, мұнай бағасын тұрақтандыру – уақытқа тәуелді мәселе деген де пікірлер бар. KAZENERGY қауымдастығы ұсынған 2-ші Ұлттық энергетикалық баяндамада мұнай бағасының барреліне 60 долларға дейін өсуі мүмкін екендігі туралы болжам айтылған. Мұнай бағасы неге байланысты өседі деген болжам туралы Бас директор Болат АҚШОЛАҚОВ әңгімелейді

- Жуырда қауымдастық Ұлттық энергетикалық баяндаманың 2-ші шығарылымын ұсынды. Бұл маңызды құжаттың 2013 жылы шығарылған алдыңғы шығарылымынан айырмашылығы қандай? ҚР-дағы қандай өндіруші секторлар туралы айтылған? Көмірсутекті шикізат нарығын дамытудың қандай негізгі үрдістеріне бақылау жасалған?

- 2-ші Ұлттық энергетикалық баяндамада еліміздің 2015 жылғы энергетикалық әлеуеті жөніндегі ақпарат қамтылған. Алдыңғы баяндамадан айырмашылығы оның аналитикалық сыйымдылығында. Жалпы елдің тұтас энергиялық әлеуетіне жиынтықталған баға берілді. Еліміздің қазіргі энергиялық балансын, яғни өндірісі мен тұтынысын, сонымен қатар келешегін талдау бойынша күрделі жұмыс жүргізілді, мұнай бағасына қатысты болжамдар берілді. ҰЭБ-да елдің тұтас отын-энергетикалық кешеніне: мұнай-газ, көмір және атом секторына шолу жасалған. Сонымен қатар дәстүрлі емес көздерді, тақтатас мұнайы және газын, жаңармалы энергия көздерін қолдануды дамыту да зерттелген.

- Мұнай бағасына қатысты талдаушылардың болжамдары қандай?

- Осыдан бір жарым-екі жыл бұрын бір баррель мұнайдың құны жүз доллар және одан да артық болатын. Осы баға қайтып келеді деу, әрине, дұрыс емес. Алайда биылдың өзінде мұнай бағасының өсуі мүмкін екенін көптеген факторлар көрсетіп отыр. Қазірдің өзінде бір баррель мұнайдың бағасы 40 доллардан асып отыр. 80 доллар және одан да жоғары баға туралы айтатын болсақ, біздің болжам бойынша ондай баға биыл да, тіпті келесі жылдың бірінші жартысында да бола қоймайды.

- Әлемдік көмірсутекті шикізатты өндіру ауқымында қазақстандық мұнайдың үлесі болмашы ғана. Осыған байланысты біздің елімізде «қара алтын» өндіру ауқымын азайтудың мәні бар ма ?

- Өндіру ауқымы жылына 500 млн. тоннадан артып жығылатын Сауд Арабиясы және Ресеймен салыстырғанда біздің еліміздің өндіру ауқымы шамалы. Осы тұрғыдан қарағанда Қазақстандағы мұнай өндіру

ауқымын бәсеңдету мұнай нарығының шамадан тыс артылуына соншалықты әсер ете қоймайды. Алайда Қазақстанның ОПЕК елдерінің мәжілісіне қатысуы қазіргі тренділерді зерттеу, мұнай өндірісін қысқарту немесе ұлғайту арқылы оның бағасы саласындағы саясатты жүргізіп отырған Сауд Арабиясы сияқты елдердің ұстанымдарын жете білу тұрғысынан пайдалы екені сөзсіз.

Мұнай өндіру ауқымын халықаралық сарапшылар мәлімдеп отырған қаңтар айындағы деңгейде ұстап тұру туралы айтатын болсақ, онда ол көрсеткіштің Қазақстанның өндіру ауқымын қысқартуын талап етпейтінін білдіреді.

- Баяндамада инвестициялық тартымдылыққа талдау жасалған, әсіресе Қытайға ерекше көңіл бөлінген. Энергетика саласындағы Қазақстан-қытай ынтымақтастығының келешегі қандай болмақ?

- Қытайдың Қазақстанның стратегиялық серіктестерінің бірі болып қала беруі географиялық жақын орналасуына ғана емес, бірінші кезекте Қытай нарығының зор сыйымдылығына байланысты. Оның үстіне Қытай басшылығы ішкі тұтыныс сапасын көтеруді көздеу жөнінде ресми мәлімдеді, мұның өзі көршілес елдегі өндірістің адағы уақытта өсетінін білдіреді. Мұндай жағдайда қазақстандық көмірсутекті, сонымен бірге уранды өткізу үшін Қытай әлеуеті төмендемейді, керісінше арта түседі.

Қытай компаниялары барлау және өндіруге, сонымен қатар трансшекаралық мұнай құбырларын салуға, Шымкенттегі мұнай өңдейтін зауыттың, Жаңажолдағы газ өңдейтін зауыттың құрылысына қомақты қаражат бөлгені мәлім. Осы орайда Қытай бағытында мұнай және газ құбырларын салу - қазақстандық экспортты өртараптандырудың бір нұсқасы деп саналады.

- Сіз қалай ойлайсыз, Иран қазақстандық мұнай сервистік компанияларды өз нарығына кіргізе ме?

- Біздің еліміз Иранмен дәстүрлі достық қарым-қатынас жасап отыр, ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Тегеранға сапары осының куәсі деуге болады, онда ол сол елдің президенті Хасан Руханимен кездесті. Бұл кездесу қазақстан-иран ынтымақтастығына қосымша тың серпін береді деп ойлаймын. Оның үстіне екі елдің бірқатар бағыттар бойынша, әсіресе мұнай-газ саласында өзара ортақ мүдделері бар. Иранның бұрынғы, ықпалшара салынғанға дейінгі өндіру ауқымын қалпына келтіруге ниеттеніп отырғаны белгілі, ал бұл дегеніңіз шамамен тәулігіне 3,5 миллион баррель. Осы мақсатта Иран мемлекеті 140 млрд доллар қаражат бөлгелі отыр. Кезінде эмбарго енгізілуіне байланысты Иранның мұнай-газ саласы ұзақ уақыт бойы шеттетіліп келгені өздеріңізге белгілі, технологиялары мен жабдықтары да жаңартылмаған, шетелдік мамандардың кіруіне де рұқсат берілмеген еді. Осыдан келіп инфрақұрылымының негізгі құралдары ескіріп кеткен.

Ал біздің компанияларымызға келетін болсақ, әлемдік жағымсыз үрдістерге байланысты олар жаңа нарық пен жаңа мүмкіндіктер іздестіруде. Біршама тәжірибесі де бар, технологиясы жаңа және жоғары білікті мамандары бар қазақстандық мұнай сервистік компаниялар Иран нарығына шықпақ және бұрғылау және ауыр машина жасау саласындағы өз қызметтерін ұсынбақ. Менің ойымша, бұл жерде екі жаққа да ортақ өзара қызығушылықтар бар.

- Қазақстандық үш МӨЗ-ді жаңарту уақытылы жүргізіліп жатыр ма?

- Қазіргі уақытта ҚР Үкіметі мемлекеттің ел экономикасындағы үлесін 2020 жылға қарай ЖІӨ 15% дейін жеткізу мақсатында Республикаға тиесілі активтерді масштабты жекешелендіру жүргізіп жатыр. Осы бағдарлама шеңберінде, бірінші кезекте, 60 ірі кәсіпорын акцияларының мемпакеттерін өткізу жоспарланған. Бұл тізімде Қазақстан аумағындағы үш МӨЗ, сонымен қатар «KMG International N.V.» («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның жүз пайыздық меншігі) құрамына кіретін румындық Констанца қаласындағы МӨЗ де бар.

Отандық МӨЗ-дің қанша үлесі сатылатыны туралы шешім әлі қабылданған жоқ. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға Атырау және Павлодар зауыттарының 100% және Шыкент МӨЗ 50% тиесілі екені мәлім. МӨЗ-ді жекешелендіру жағдайды біршама жеңілдетеді, себебі мемлекет біраз табыс түсіреді деп, ал жеке бизнестің қатысуы зауыттарды жылдамдатып жаңартуға мүмкіндік береді деп ойлаймын.



«ЕУРАЗИЯ» ЖОБАСЫ ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ



14-сәуірде ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаевтың төрағалық етуімен "Еуразия" жобасы бойынша Дөңгелек үстелдің мәжілісі өтті


Мәжіліске ҚР Президентінің Кеңесшісі В.С.Школьник, "KAZENERGY" қауымдастығы Басқарма Төрағасының Орынбасары Ұ.С.Қарабалин, "ҚазМұнайГаз" ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы С.М.Мыңбаев, ҚР ИДМ Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің төрағасы Б.К.Нұрабаев, шетелдік және трансұлттық компаниялардың өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстелде жобаны іске асыру барысы талқыланды. Геологиялық зерттеу бөлігінде қолда бар геологиялық-геофизикалық деректерді жинақтау және талдау бойынша жұмыстарды "ҚазМұнайГаз" ҰК» АҚ-ның жүргізіп жатқаны атап өтілді. «Еуразия» жобасын іске асыруда салықтық және кедендік артықшылықтарға байланысты заңнамалық оң

бетбұрыстар байқалады.

Дөңгелек үстелде «Еуразия» жобасына қатысу үшін шетелдік және трансұлттық компанияларды тарту қажеттігі атап көрсетілді. Осы мақсатта ҚР ЭМ және "ҚазМұнайГаз" ҰК» АҚ мүдделі компаниялармен жуырда бірқатар кездесулер өткізуді, сонымен қатар бұл жөніндегі ақпаратты бұқаралық ақпараттық құралдарда жариялауды жоспарлап отыр.

Анықтама. "Еуразия" жобасы Каспий маңындағы ойпатта тереңде жатқан шөгінділердің геологиялық құрылымын зерттеуді, сонымен қатар көмірсутекті шикізатты іздеуді қамтиды. Алдын ала бағалау бойынша тереңде жатқан шөгінділерде шартты отынның 63 млрд. тонна көлемдегі қоры жатуы мүмкін.



"Еуразия" жобасын іске асыруды ҚР және РФ басшылары мақұлдады, Геологиялық-геофизикалық деректермен алмасу мақсатында ҚР ИДМ мен РФ Ресей жер қойнауын пайдалану жөніндегі федералдық агенттігі арасында Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Премьер-министр К.Қ.Мәсімовтың төрағалық етуімен өткен



ведомствоаралық комиссия мәжілісінде «Еуразия» жобасына ҚР тарабынан салықтық және кедендік артықшылықтар беруге байланысты мәселелер мақұлданды.

KAZENERGY ҒТК ИННОВАЦИЯЛАР МЕН ТЕХНОЛОГИЯНЫ ДАМУТУДЫ ҚОЛДАЙДЫ



Ғылым және салалық компаниялар ұсынып отырған Қазақстан мұнай-газ және энергетикасына арналған қазіргі заманғы әзірлемелер мен технологиялар KAZENERGY Төрағасының Орынбасары Ұзақбай Қарабалиннің басшылығымен өткен KAZENERGY қауымдастығы Ғылыми-техникалық кеңесінің (ҒТК) мәжілісінде қаралды

«Гидрометаллургиялық зауыт» (ГМЗ) ААҚ жетекші сарапшысы «Тұтқыр мұнайлы кен орындарына арналған кешенді қойнауқатішілік әсер етудің жаңа технологиясын меңгеру» тақырыбында ұсынған таныстыруы қызу пікірталастар туғызды. ГМЗ компаниялар тобының ұсынып отырған әзірлемелері қойнауқатқа күкірт қышқылын айдау арқылы мұнай өндіруді ұлғайтатын және қазіргі қажеттіліктерге жауап беретін жаңа әдіс. Оның басымдықтары: мұнайды қосымша өндіру, қоршаған ортаның мұнай қалдықтарымен ластануын азайту, күкірт қосылыстарының жиналған үйінділерін


бірте-бірте жою, күкірт қышқылы ерітінділерден сирек кездесетін және асыл металдарды ілеспе алу мүмкіндігі. Екінші таныстыру «Қазақстан Республикасындағы радиоактивтік қалдықтар (РАҚ) қоймаларын қалпына келтіру» деп аталатын жаңа технологияларды меңгеруге арналды. ГМЗ кәсіпорындарының РАҚ-мен қарым-қатынас жасауда 60 жылдан астам тәжірибесі бар. Мәжіліске қатысушылар ұсынылған әдістерді енгізудің технологиялық және экономикалық келешегін талқылады.

ҚР Ұлттық инженерлік академиясының өкілі арнайы есептеу және сканерлеу әдістемесінің көмегімен мұнай кен орындарын сейсмикалық барлау тиімділігін ұлғайту туралы сөйлеген сөзі де өте қызықты болды. Мұнда математикалық модельге параллель 3D кескінін құруға арналған ақпараттық модель ұсынылады. Ғалым өз жұмысын ноу хау деп атады, себебі оның пікірінше мыңжылдықтардың міндеті - Навье-Стокс теңдеуі шешілген. Жаңа есептеулердің көмегімен нәтиженің сапасын төмендетпей



сейсмикалық барлау кезіндегі жарылыстар санын азайту және сейсмикалық барлау бойынша қолда бар бағдарламалармен интеграциялау мүмкін болады.

«Динаэнерджетикс Сибирь» өкілі өз кезегінде компаниясының жаңа әзірлемесі туралы, атап айтқанда қойнауқатты екінші рет ашуға және қойнауқат жағдайын модельдей отырып нәтижелерді зерттеуге арналған DPEX энергетикалық типті кумулятивтік зарядтар туралы әңгімелеп берді. Дәстүрлі кумулятивтік зарядтар энергетикалық шұңқырдың зарядтарымен салыстырылды. Біріншісіне қарағанда DPEX арна диаметрінің ұлғаюына әкелетін қойнауқатқа ұзақтау



қысым жасауға мүмкіндік береді және осыған сәйкес мұнай өндіру ауқымы да, өндіру уақыты да артады.

ҒТК мүшелері қонақтардың таныстыруларымен танысты және бұдан былай әртүрлі компаниялардың мамандарымен кездесулерде осы технологияларды ұсына отырып олардың әрі қарай дамуына және қолданылуына қолдау көрсетпек.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ 17 КОМПАНИЯ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР БОЙЫНША СЕРТИФИКАТТАЛДЫ



Атырау, 2016 жылғы 22 сәуір: Солтүстік Каспий жобасының операторы «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» («НКОК») компаниясы қазақстандық 17 компанияға Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның (СХҰ) ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 18001, ISO 22000 сертификаттарын беру салтанаты шарасын ұйымдастырды

Олардың барлығы Сапаны басқару орталығы («QMC» ЖШС) өткізген оқудан ойдағыдай өтіп, Rina Services SpA Kazakhstan компаниясымен сертификатталды. Оқу мен сертификаттау шығындарын «НКОК» компаниясы қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі ұзақ мерзімді арнайы бағдарлама шеңберінде өз мойнына алды. Бағдарлама міндеттерінің бірі жергілікті компаниялардың халықаралық стандарттарға сәйкес тұрақты дамуына ықпал етуге, сонымен қатар қазақстандық мамандардың біліктілігін арттыруға бағытталған. Мұнай-газ жобаларында жергілікті қамтуды дамыту - «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (НКОК) компаниясының қызметіндегі маңызды аспект. Бұл туралы салтанатты шарада ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 18001, ISO 22000, ISO 50001 халықаралық стандарттары бойынша сертификаттарды табыс еткен НКОК компаниясының жергілікті қамту жөніндегі менеджері Дәуірбек Өтежанов мәлімдеді. Ол НКОК-тың қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыру шеңберіндегі мемлекет саясатына жан-жақты қолдау көрсетіп жатқанын, сонымен қатар жергілікті жабдықтаушылардың әлеуетін өсіруге қолдау көрсету бағытында

ауқымды жұмыс жүргізіп жатқанын атап өтті. «Компанияда жергілікті қамтуды дамыту бойынша жүйелі тәсілдеме жүзеге асырылуда және нақты міндеттер белгіленген ұзақ мерзімді стратегия қабылданған. НКОК шетелдік мердігерлерден гөрі жергілікті компанияларды тартуға мүдделі, бұл ретте олар Солтүстік Каспий бойынша өнім бөлісуге сәйкес болуы керек және олардың тауарлары мен қызметтері бәсекелесуге жарамды болуы тиіс», - деді Дәуірбек Өтежанов. Оның айтуынша, «ISO стандарттары бойынша халықаралық сертификат жергілікті компанияларға көптеген деңгейлерде елеулі ықпалын тигізеді. Оның үстіне, олар сертификаттар алғаннан кейін Солтүстік Каспий жобасының тендерлеріне анағұрлым сенімді қатысумен қатар, дүние жүзі бойынша басқа да халықаралық компанияларға өз тауарлары мен қызметтерін ұсынудағы бәсекелестік деңгейін арттыра алады».

Осылайша, ISO стандарттарының енгізілуі біріншіден, қазақстандық компаниялардың өнімділігін оңтайландыруға және тиімділігін арттыруға; екіншіден, олар үшін тендерлік құжаттардың толық және сапалы түрде ұсынылуын қамтамасыз ете отырып, компаниялардың келісімшарт берудегі мүмкіндіктерін кеңейтуге; және, үшіншіден, келісімшарт бойынша жұмыстардың, сонымен қатар уақтылы жеткізілімдердің бюджет шеңберінде, барлық техникалық критерийлерге және сапа талаптарына сәйкес орындалуына, бұл ретте тапсырыс берушілерінің талаптарын толық қанағаттандыруға теңдессіз қолдау көрсетілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осының бәрін «НКОК» компаниясының жергілікті компаниялар әлеуетін арттыруға мүдделі екенінің жарқын көрінісі деп атауға болады. Бұны сертификат алған қазақстандық компаниялардың басшылары да растады.

«Біз Солтүстік Каспий Консорциумына халықаралық стандарттар бойынша сертифици-

каттаудан өту барысында көрсеткен қолдауы үшін ризамыз» - деді сертификаттаудан ойдағыдай өткен компаниялардың бірі «Қазэлектромаш» директоры орынбасары Александра Распопина. Ол: «Көрсетілген қолдаудың нәтижесінде компаниямыз қызметіміздің тиімділігін арттырып, көрсетілетін қызметтеріміздің деңгейін көтерді және спектрін кеңейтті».

Бүгінгі таңға қараған шақта 180-тан астам жергілікті компания ISO 9001, ISO 14001, ISO 22000 және OHSAS 18001, ISO 50001 стандарттары бойынша сертификаттау бағдарламаларына қатысты. «НКОК» компаниясының Жергілікті қамтуды дамыту бөлімі жергілікті мердігерлермен Солтүстік Каспий жобасымен ынтымақтастық шеңберінде қойылатын талаптар туралы білімдерін одан әрі дамыту және тереңдету үшін олардың әлеуетін анықтау және халықаралық стандарттар деңгейіне дейін дамытуға қолдау көрсету мақсатында белсенді қарым-қатынас жасауда. 2006 - 2015 жж. аралығында НКОК 1000-нан астам жергілікті компания үшін семинарлар өткізді. 2013 жылдан бері Солтүстік Каспий жобасының Операторы Кәсіптік-техникалық оқыту бойынша жетілдіру бағдарламасы шеңберінде тұрақты жұмыс жүргізіп келеді. Бүгінгі таңда 180-нен астам оқыту курсы ұйымдастырылып, оларға қазақстандық 40 компаниядан 2 300-ге жуық қызметкер қатысты.

Жалпы алғанда 2015 жылы «НКОК Н.В.» компаниясы Жергілікті қамтуды дамыту және жақсарту бағдарламасына сәйкес түрлі салалар бойынша 94 оқу курсы өткізіп, оларға жергілікті 16 компаниядан 1 300-ден астам қызметкер қатысты. Оқыту келесі салаларды қамтыды: жалпы құрылыс жұмыстарының қауіпсіздігі (өнеркәсіптік қауіпсіздік), электр жабдықтарының қауіпсіздігі, газ қауіпі бар жұмыстар, құбыр желілеріне техникалық күтім жасау, мұнай құбырлары бойынша зерттеулер және көтеру операциялары, жүк көтеру

жұмыстары және басқалар.

Игерудің кейінгі кезеңдерінде Солтүстік Каспий жобасының Операторы халықаралық стандарттар мен жобалық талаптарға сәйкес келетін жергілікті компаниялардың өндірістік қуаттарын одан әрі дамытуды ынталандыра отырып, жергілікті қамту үлесін арттыра беруге ниетті. Осылайша, қауіпсіздік техникасы, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау талаптарына нұқсан келтірмей Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік әлеуеті мен адам ресурстарының тұрақты дамуына қолдау көрсету бағытындағы жұмыс Солтүстік Каспий жобасының басты міндеттерінің бірі болып қалып отыр.



Атырау, 2016 жылғы 25 сәуір: Бүгін Атырауда Солтүстік Каспий жобасының Операторы «Норт Каспиан Оперейтинг Компани» (НКОК) компаниясы Консорциумның демеушілік және қайырымдылық бағдарламасының (ДҚБ) 33 жобасын ұсынды, олардың 27-сі 2015 жылы орындалған, ал 6-уы ағымдағы 2016 жылы орындалуда. Сонымен бірге НКОК ДҚБ аясында жергілікті білім беру, денсаулық сақтау және спорт мекемелеріне бірқатар жобаларды табыс ету рәсімін өткізді

Іс-шаралар Атырау қаласындағы Ф. Оңғарсынова атындағы орта мектепте басталды. Консорциум аталған білім шаңырағын компьютерлермен, жиһазбен және интерактивті тақталармен қамтамасыз етті. Игілікті іс-шара Атыраудағы

мүмкіндіктері шектеулі жандарға арналған спорт клубында жалғасты. Бұл жерде «НКОК» компаниясы секцияны жабдықтап, балаларға дене шынықтыру үшін жаңа мүмкіндіктер беретін арнайы сауықтыру жабдықтарын сыйға тартты.

Келесі нысан - Атырау облыстық офтальмологиялық ауруханасын «НКОК» компаниясы қажетті медициналық жабдықтармен, атап айтқанда көз параметрлерін жанаспай өлшеуге және арнайы бағдарламалық жасақтаманың көмегімен интраокулярлық линзаны есептеуге арналған диагностикалық аспаппен қамтамасыз етті.

Жобаларды табыстауға арналған шаралар «НКОК» компаниясының 2015-2016 жылдары орындаған бүкіл жұмыс көлемінің презентациясымен қорытындыланды. Презентацияға НКОК Мемлекеттік органдармен қарым-қатынас және сыртқы байланыс жөніндегі менеджері Серік Идранов қатысты. Ол өзінің қошеметтеу сөзінде Солтүстік Каспий Консорциумының қоғамның белді мүшесі және әлеуметтік жауапкершілігі бар ұйым ретінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған мемлекеттің бастамаларына әрқашан қолдау көрсететінін атап өтті. Соңғы 17 жыл ішінде Атырау мен



Маңғыстау облыстарында тек әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобаларға 500 миллион АҚШ долларға жуық қаражат бөлініп, 160 жобадан астам жүзеге асырылды.

2015 жылдан бері демеушілік және қайырымдылық бағдарламасы шеңберінде барлығы 33 жоба орындалды, олардың ішінде Атырау облыстық ауруханасына бұрын өңірде болмаған медициналық жабдықтың табысталуын атап өтуге болады. Бұл жабдық - ұзақ уақыт алмастырғылық бүйрек терапиясын жүргізуге арналған жаңа буындағы автономды аппа-

рат Атырау облысында жүздеген науқастың уақтылы әрі тиімді ем алуына мүмкіндік бермек.

Консорциумның демеушілік және қайырымдылық бағдарламасы экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, халықтың әл-ауқатын жақсартуға, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және мәдени мұра, спорт салаларына қолдау көрсетуге, сонымен қатар тұрмыс деңгейі нашар отбасыларға көмек көрсетуге бағытталған. Консорциумның жыл сайын балалар өмірін жақсартуға бағытталған түрлі шаралар өткізіп келе жатқанын да атап өткен жөн.

Іс-шараларға бенефициарлармен қатар Атырау облысы әкімдігінің және Мақат, Махамбет, Индер аудандық әкімдіктерінің өкілдері, бірқатар үкіметтік емес ұйымдардың және «НКОК» компаниясының басшылары қатысты.




ҰЛТТЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БАЯНДАМА КӨПШІЛІККЕ ҚОЛ ЖЕТІМДІ

Құрметті достар!

Жуырда KAZENERGY қауымдастығы ұсынған Ұлттық энергетикалық баяндаманың 2-ші шығарылымы мұнай-газ саласының мамандарының, ғылыми орта өкілдерінің, мемлекеттік құрылымдардың, студенттердің зор қызығушылығын туғызды. Аталмыш маңызды аналитикалық құжатты сатып алғысы келіп, қауымдастыққа хабарласып жатқандардың саны күн сайын артуда.

Осыған байланысты KAZENERGY Атқару комитеті Ұлттық энергетикалық баяндаманы электронды нұсқасымен қоса ақысыз тарату туралы шешім қабылдады, оның орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқасын біздің сайтымыз: www.kazenergy.com-нан қарай аласыздар.

Еліміздің игілігі үшін ғылыми және практикалық міндеттерді шешуде баяндама материалдарының пайдасы тиеді деп үміттенеміз!





КAZENERGY Қауымдастығы
Баспасөз қызметі
Тел: +7(7172) 710181 , 790173
shaira@kazenergy.com